

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес телевизиялық қабылдағыштың орталық процессоры үшін жылу қайтарғышты сынныптау туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 29 қазандагы № 184 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы** шешті:

1. Қалыптау әдісімен алюминий пластинасынан жасалған металл бұйым болып табылатын, орталық процессорға орнату үшін технологиялық тесіктері және бұйымды телевизиялық қабылдағыштың негізгі платасында бекіту үшін бекіту элементтері бар, ол жұмыс істеу кезінде оның қызып кетуін болғызбау мақсатында орталық процессордан жылуды бұруға және таратуға арналған теледидар қабылдағышының орталық процессоры үшін жылу бұрғыш сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Тұсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес **Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8529 тауар позициясында сынныпталады.**

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян